

егемен

Азатстан

Даңқы асқан Ұлы Дала елі



Бүркітбай АЯҒАН

Ата тарихын сақтайтын – тарихи сана

Ел тағдырына қатысты бабалар аманаты тұтастыққа, ынтымақ пен бірлікке, тыныштық пен қоғамдық келісімге негізделді. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиындағы Мемлекет басшысының: «Қазақ хандығы кезеңі – ат жалында күн кешкен алаш жұртының қаһармандық дәуірі» деген лебізі көпшілік қауымды қатты толғандырғаны аян. Әсіресе, тарих ғылымының келешектегі даму бағытына мән берді. 2015 жылдың 11 қыркүйегінде түркітілдес мемлекеттердің көшбасшылары, қоғамдық және мемлекет қайраткерлерінің, дипломатиялық корпусстың, ғылым және мәдениет салаларының белгілі өкілдерінің қатысуымен өткен тарихи шараның Қазақстан тарихының жарқын беттерінен орын алары хақ. Тарихтың түрлі оқиғалары мен пікірталасты тұстары әлі талай талдана жатар. Мәселе, тарихшылар қауымының бүгінгі күні зерттеу жұмыстарын дамытудың бағыт-бағдарын белгілеуге мүмкіндік алғандығында болып отыр.



Н.Ә.Назарбаев баяндамасы мазмұнының басты идеясы неде? Оның ғылыми ізденістердің ескі, тоқыраған әдістерінен бас тартып, жаңа инновациялық технологияға көшуді талап етуінде. Мемлекет басшысының келесі жасаған қорытындысы, қазақ халқы қалыптасқан Қазақстан территориясында ежелден мемлекет пен мемлекеттік құрылымының болғандығымен тоғысады. Қазіргі кезеңгі Қазақстан, оны мекендеген барлық халықтың жасампаздығы нәтижесі болғандықтан да, Қазақстанның «көршілермен достық және өзара сенімін сақтау, оны дамыта түсу, әлем елдерімен жақсы қарым-қатынас жасау» қажеттігінің өзектілігін айшықтады.

Елдің болашағы бабаларымыз қолы жетпеген жаңа мүмкіншіліктер мен перспективалардың қолға алынуында. Біздің көз алдымызда жаңа талаптарға сай ауылдар мен аймақтар өсіп-өркендеуде. Кәсіби тарихшы және азамат ретінде Мемлекет басшысының: «Біздің қасиетті жерімізді ежелден Ұлы Дала, ал бізді Ұлы Даланың перзенттері деп атаған» сөзі жүрегіміздің түкпіріне қатты әсер қалдырды. Ол Қазақстанның әсемдігі мен күшін бейнелі түрде аша түсті.

Сонымен қатар, елордадағы «Назарбаев Университетте» өткізілген «Мәңгілік Ел» халықаралық ғылыми іс-шараға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы қатысты. Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың конференция қатысушылары мен шетелдік қонақтарға арналған құттықтау хатын оқып берді және ұлттық тарихи сананы жаңғыртудағы маңызды мәселелерді көтерді. Жиында халықаралық сарапшылар Қазақстан тарихына қатысты ашық ойларымен бөлісті. Алғаш болып мінберге көтерілген Түркия Ғылым академиясының президенті Аджар Ахмет Джеват баяндамасын «Түркия мен Қазақстан тарихының ұштасу кезеңдері» тақырыбында өрбітті. Түбі бір түркі жұртымен қарым-қатынастың өркендеуіне қосқан Елбасының қарқынды істеріне ризашылығын білдірді.

Моңғолия Ғылым академиясының президенті Батболдин Энхтувшин Нұрсұлтан Назарбаевтың «Түркістан – Орталық Азияның мәдени ошағы» мақаласынан алған әсерімен бөлісіп, Қазақ еліне сәттілік тіледі. Осы орайда айта кету керек, алаш арысы Мағжан Жұмабаев ер түріктің бесігі болған – Түркістанның ғана емес, қазақтар қара шаңырақтың заңды мұрагеріне айналғаны жөнінде жырлап, жұртының ой-санасына сәуле шашты емес пе? Оның: «Тамаша Түркістандай жерде туған, Түріктің тәңір берген несібі ғой», деген жалынды шумағының шығу тегі тарихтың қатпар-қатпар сырлы беттерінен алынса керек-ті.

Бұдан кейін сөз алған, Иран Ислам Республикасының Ғылым, зерттеулер және технологиялар министрі Моджаба Шариати Ниасар Қазақ елінің дәстүрлі ата тарихындағы құндылықтарын қызғыштай қорыған қазақ халқын ұлы тарихи өңірдің өкілдері ретінде негіздеуді жөн санады. Сонымен қатар, Қазақстан Иранның жоғары технологияларды қолдануын қолдайтынын ашық айтқан мемлекеттердің бірі болғанын атап өтті. Ресей Ғылым академиясы Жалпы тарих институты директорының орынбасары Ирина Коновалова Қазақ хандығы тарихының пікірталасты мәселелері ғылыми-зерттеу нысанына айналуы қажеттігін білдірді. Ол: «Қазақ халқы Қазақ хандығына дейін де мемлекет құрып, оның қатарында өмір сүріп келген. Қазақ хандығының ең үлкен айырмашылығы сол – онда хандыққа алғаш рет қазақ атауы қолданылды», деген тұжырымын жеткізді. Париждің Шығыс тілдері және өркениеттері ұлттық институтының (INALCO) тарихшы-ғалымы Катрин Пужоль ханым болса, көшпенділердің өмір сүру өнегесі өркениетті деген елдерден кем еместігіне көзі жеткендігін баяндады. Оған қоса, өзінің: «Қазақстан тарихы – Еуразия кеңістігіндегі өткен бір кезең ғана емес, ол көшпенділердің өркениетіне тәнті ететін кемел тарих» деген тұжырымын жариялады. Оның саралауынша, қазақтың дәстүрлі мәдениетін қалай сипаттасаң да жарасады және оны танып-білу үшін үлкен білімділік қажет екендігіне мән берді. Оны қызықтыратын қазақы қасиеттер мен байтақ далалық мәдениеттің ерекшелігіне тәнті болғанын айта келе, халық арасындағы «жасқаншақтық пен жалтақтық» сияқты кемшіл тұстарын көрсетті. Десе де, қазақ халқының белсенділігі, ілгері ұмтылысы, талғамы сүйсіндіретінін жасырған жоқ. Осылайша, ғылыми шара жұмысы одан әрі жалғасын тапты.

Отандық және шетелдік сарапшылар, қоғам қайраткерлері жан-жақты пікірлерін ортаға салуда. Қазақстанның Еуразия кеңістігіндегі маңызды мемлекет ретінде бейбітшілікті орнатудағы тың бас-тапалармен танылғанын баса көрсеткен Бельгияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Мишель Петерманс: «Өзінің кім екенін және қайда бара жатқанын жақсы білетін ел ғана өз болашағына қол соза алады», деген пікірін жеткізді. Оған қоса, Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқанын айрықша атап өтуі қуантарлық жәйт. Осы тұста әрбір қазақтың жадында сақталған көсемсөз шебері Міржақыптың: «Тарихын жоғалтқан жұрт – жоғалған жұрт», деген тұжырымы еріксіз ойға оралады. Алты алашты алаңдатқан біртұтас жұрттың тарихын құрайтын оның мүшелері болатын. Олар – шығу тегі, өсіп-өнуі, мінезі, тілі, әдебиеті.

Ұлттың тарихын ұлықтау, асыл мұраларды қастерлеу, әсіресе, тарихшы қауымның басты мұраты болғандықтан, ата тарих туралы пікір білдіру – маңызды міндетіміз.

Бірлік – елдіктің тамыры

Ел бірлігі арқылы Тәуелсіздік туы көтерілді. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша отандық тарих ғылымын реформалау бойынша жүйелі қадамдар қолға алынды. 1991 жылы 12 қарашадағы Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің қаулысы негізінде құрылған Жоғарғы Кеңестің арнаулы комиссиясы құпия құжаттарды ашу және оларды зерделеу жұмыстарын бір мезгілде жүргізді. Елдің рухани өмірі, қазақстандықтардың интеллектуалдық құндылықтары, жалпы, Қазақстан тарихы үнемі Мемлекет басшысының назарында болды. Қазақстан тарихшылары академик М.Қозыбаевтың жетекшілігімен зерттеу жұмыстарын жүргізгенін жақсы білемін. Сол тұста аға буын өкілдері К.Ақышев, К.Нұрпейіс, Х.Арғынбаев, Ж.Қасымбаев, О.Исмағұлов, У.Шәлекенов және басқалардың монографиялары жарыққа шыққан болатын.

Мектептер мен жоғары оқу орындары оқулықтарын шығару қолға қойылды. «Қазақстан тарихының» бес томдығын шығару қолға алынып, оның үш томы академик М.Қозыбаев тұсында даярланып, баспадан шықты. Өртүрлі өзекті тақырыптар бойынша ауқымды конференциялар өткізіліп, тарихтағы «ақтандақтар» беті ашылды. Зерттеу жұмыстарының жүйелілігі үшін бағдарлама қабылданды. Отандық тарих ғылымының қысқа мерзімде өткен оқиғалар жөнінде ғылыми ой қорытындысын жасау қиын болмағандықтан да, реформалаудың қажеттілігі туындады.

Екінші жағынан, ғылымды жаңаша жаңалықтар, жаңа ақпараттық технологиялар алға жылжытып, зерттеу жұмысының тіпті де жаңа методологиясын талап етті. Бұрын тарих ғылымы партия органдарының

қысымымен жүргізілді. Бұл жерде қоғамның рухани өмірін дамытуға үлес қосқан С. Асфендияров, М.Тынышпаев, Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, М. Әуезов, Қ.Сәтбаев және басқа ғалымдардың қуғын-сүргінге түскенін еске алуға болады. Тәуелсіздік алған соң, мүлде басқаша. Мемлекет ғалымдарға көмек қолын созды. Қоғамтанушыларға ешқандай идеологиялық шектеулер қойылған жоқ, керісінше, толықтай және ауқымды зерттеу жүргізуге мүмкіндіктер тудырып отыр.

Мысалы, ел Президентінің тікелей бастамасымен «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына» сияқты ірі мақсатты бағдарламалар қабылданды. «Халық тарих толқынында» ең ауқымды мақсатты бағдарлама болды. Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерттеу бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының отырысында қабылданған міндеттер аясында еліміздің 59 жоғары оқу орнында Қазақстан тарихы кафедрасы ашылып, іске қосылды. Әдістер мен зерттеу методологиясын жаңғырту міндеті қойылған оқу-әдістемелік орталықтар қайта ашылды. Гуманитарлық ғылымды реформалау ісінде Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында», «Әлем орталығы» сияқты іргелі жұмыстары зор рөл атқарды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Орталық Азияның дәстүрлі мәдениетін зерттейтін арнаулы орталық ұйымдастырылды.

Археологтардың еңбектері табысты болды. Оған олардың Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарында «Алтын адамды» табуы және зерттеуі мысал бола алады. Аймақтағы ежелгі қоныстар, ортағасырлық қалалар мәдениеті мен архитектуралық ескерткіштерді зерттеу жұмысы жалғасын табуда. Қазіргі кезеңде тарихты теориялық пайымдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ежелгі кезең мен орта ғасырлар тарихының объективті және толық көрінісін жасау мақсатында 2013-2014 жылдары республика тарихшылары Иран, Түркия, Ұлыбритания сияқты шетелдердің мұрағат орталықтарында жұмыс атқарды, бағалы материалдар мен қолжазбалар табылды. Қазіргі кезеңде табылған материалдарды сараптау мен зерттеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Көп томдық Қазақстан тарихы бойынша тарауларды жасау мен жазу қолға алынды. «Назарбаев Университет» базасында жас ғалымдардың қатысуымен популяциялық генетика зертханасы құрылды және жұмыс атқаруда.

Жалпы, тарих ғылымы жаңғыру кезеңінде. Мысалы, мамандандырылған «Қазақстан тарихы» веб-порталы жақсы жұмыс істеуде, аккаунттар (Facebook) ашылды және ғылыми-зерттеу институттарының веб-сайттары тұрақты тәртіп бойынша жүруде. Осы кезеңде ұлттық тарихтың басты кезеңдері, ежелгі қоныстар мен ортағасырлық қалалар бойынша визуалды өнімдер эфирге шығарылды. «Мәңгілік Ел» журналы қоғамдық ортада танылды және жүйелі түрде шығарылып тұрады.

Еліміздің тарихшылары Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысына белсене қатысуда. Тарихшы-ғалымдардың қатысуымен Қазақстан халқы тарихын, олардың ел экономикасы мен мәдениетіне қосқан үлесі жөніндегі айдарлар эфирге шықты.

Мемлекет тарихы институтының ұжымы Елбасының мерейлі күнгі жоғары рухты, азат ойлы, ержүрек әрі жасампаз қазақ халқы мен қазақстандықтарға арнау сөзін адамзатқа ой салатын үндеу ретінде қабыл алды. Мемлекет басшысы қазақтың ғана емес, тұтастай түркі жұртының терең тамырлы тарихына қатысты бүкпесіз сыр шертті. Халық жадындағы тарихи сананы жаңғыртатындай тұжырымдамалық ойларын ортаға салды.

Президент 2015 жылдың ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы болатынын айқындап өткен болатын. Осыған орай, Мемлекет тарихы институты ғалымдары мен Қазақ радиосы қызметкерлері арасындағы іскерлік қатынастар нәтижесінде «Қазақ хандығы тарихы» айдарын ашып, ғылыми-танымдық хабарлар жүргізілуде. Алда Тәуелсіздік құндылықтарын насихаттау бойынша оқу орындарында насихат жұмыстары күтіп тұр. Авторлық ұжым ел тарихын саралайтын жаңа оқулықтар мен кітаптар шығару жұмысына даярлануда. Мемлекет тарихы институтының ғалымдары Тәуелсіз Қазақстан тарихы бойынша кітаптар серияларын даярлады. Ғалымдардың монографиялары, хрестоматиялары және ғылыми тұжырымдамалары Ресей, Голландия, АҚШ, Өзбекстан, Қырғызстандағы әріптестер қатынасқан конференцияларда талқыланды.

2014 жылы институт ғалымдары «Ұлы Дала тұлғалары» сериясымен танымал жазушы Ілияс Есенберлиннің 100 жылдығына орай, А. Қашқымбаевтың кітабының тұсауын кесті. 2015 жылы Жұмабек Тәшенов, академик Анна Панкратованың өмірі мен қызметі бойынша зерттеу жұмысы жалғасын табуда. Ұлытаудағы ұлағатында Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның болашағының жарқын болатындығын болжамдаған болатын: «Себебі, Қазақстан халқы – бірде-бір елге килікпеген, бейбітсүйгіш. Менің арманым мен ойым да Қазақстанның мәңгілігі. Сондықтан да мен «Мәңгілік Ел» идеясын ұсындым. Біз осындай болу үшін барлығын жасаймыз!».

Олай болса, тарихшы-ғалымдардың да міндеті – тапсырманы орындау.

Көреген Көшбасшысы бар ел – бақытты

Қазақ Ордасы ежелгі түркі тайпаларының бір бөлігін атамекенге ұлыс етіп ұйыстырумен қатар, олардың жұрт ретінде сақталуына мүмкіндік жасады. Ата тарихымыздың басты тағылымы – ел ынтымағы мен бірлігі, кемел келешектің кепілі. Елдіктің рухани бастауларынан мемлекеттіліктің нығаюына дейінгі кезеңді қамтитын бәріңізге белгілі Мемлекет басшысының «Тарих толқынында» тарихи толғауындағы қағидаттардың түйіні – киелі атамекен. Қасиетті Отан – Ұлы Дала елі тұжырымымен үйлесім тапты. Өршіл рух пен ұлттық келбетін жоғалтпаған қазақ халқының ата тарихының жарқын беттерінің бірі – Қазақ хандығы кезеңін ұлықтаудың орны тіпті бөлек.

Ең бастысы, бабалар аманат еткен киелі Ұлы Дала елінде ынтымақ сақталыны. Тарихын түгендеуде көреген басшысы бар ел – бақытты. Есідің бойына ел қонып, еңселі Орда орнады. Арқа төсіне әсем Астана

салынды, әлемге Қазақстан абыройлы, іргесі берік, ынтымағы мығым азат мемлекет ретінде танылды. Мұның барлығы сарабдал саясат ұстанған, болжампаз көшбасшы – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бабалар аманатына адал қызметі десек, артық айтқандық болмас. Ұлы бабалар жолы жасампаздықпен лайықты жалғасуда.

Халықтың тарихи танымында берік орын алған: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған әз Тәуке заманы». Қазіргі кезеңгі Қазақстанның стратегиялық даму бағыты мен бағдарын белгілеп, айшықтаған «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасының толыққанды жүзеге асуымен дәстүрлі бабалар жолының ауқымы кеңейе түспек. Мемлекет басшысы атап өткендей, елдіктің жарқын болашағын кепілдендіретін – бабалар аманатына адал болып, елдің абырой-беделін көтеру. Осы қағидат аясында, сабыр мен парасаттылық ұстанымдары нәтижесінде, Қазақстан Республикасының мерейі үстем, шығар белестері биік болмақ. Елбасының баяндаған ел дамуының он қарышты қадамы – келешектің қарымды жолы. Бұл қазіргі жаһандану мәселелері туындап отырған кезеңдегі мүлде жаңа мемлекеттіліктің үлгісі – «Қазақстандық жол». Оның ішінде әлеуметтік жаңғыру – басты мақсат.

Әлемдік дағдарыс жағдайында сын-қатерлердің алдын алу да халық бірлігінде. Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту – әлеуметтік жаңғыртудың маңызды шарты. Мемлекет басшысы ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейлі мерекесіндегі толғанысында: «...Тарих тоғыстырған, тағдыр табыстырған бүгінгі ұлы күнге біз берік сеніммен жетіп отырмыз. Бұл дәуір бізді таңдады. Біз берілген тарихи мүмкіндікті тамаша пайдалана білдік. Келер ұрпақ та солай етуі керек», деген болатын. Шындығында, біз «ғасырлар жүгін арқалаған ғаламат кезеңнің» куәгерлеріміз. Және бабалар даңқына даңқ қосып, абыройын арттырып, беделін биік шыңға көтерген сайын ел тұғыры одан да зор беки түспек. Бірлік – табыс кілті. Ғасырлар куәсі болған ата тарихымызды қастерлеу – парызымыз.